

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі N 937 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының шет елдердегі делегацияларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері басқаратын Қазақстан Республикасы делегацияларының шет елдерге шыққан кездегі арнаулы рейстерін, 2003 жылғы қаржыландыру жоспарында көзделген қаражат шегінде, маңызды стратегиялық мәні бар қызмет ретінде жүзеге асыру жөнінде "Еуразия Эйр" ашық акционерлік қоғамы және "Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының "Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызмет ұсынушылар деп белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі